

Қазақстан Республикасының акциз маркаларымен таңбаланған акциздеуге жататын тәркіленген тауарларды сатуды ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 сәуірдегі N 535. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының аумағында отандық және импорттық өндірістің алкоголь және темекі өнімдерін міндетті таңбалаудың енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. ТМД елдерінен әкелінетін алкоголь және темекі өнімдерін арнайы акциз алымы маркаларымен міндетті таңбалау енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясына отандық және импорттық өндірістің таңбаланбаған, акциздеуге жататын тәркіленген өнімді таңбалау мен сатуды жүзеге асыратын кәсіпорынды белгілеп, оны акциз алымы маркаларымен қамтамасыз ету тапсырылсын.

3. Өнімдерді сату мен бюджетпен есеп айырысу тәртібі Тәркіленген, иесі жоқ мүлікті, мұрагерлік құқық бойынша мемлекетке өткен мүлікті, қазынаны, олжаларды, сондай-ақ бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдарды есепке алу, бағалау мен сату тәртібі туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 17 ақпандағы N 29 Нұсқаулығына сәйкес жүргізілсін.

4. Тәркіленген, таңбаланған, акциздеуге жататын өнімді сатудан түскен каражат 40 процент мөлшерінде республикалық бюджеттің кірісіне, 30 процент мөлшерінде жергілікті бюджеттің кірісіне және 30 процент мөлшерінде салық қызметі органдарын әлеуметтік дамыту және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорының есебіне аударуға жатады.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы тіркелген алкоголь және темекі өнімдерін таңбалау мен сату жөнінде жүргізілетін жұмыс туралы есептілікті әзірлеп, бекітсін.

6. Сатылатын өнімнің бағасы ұқсас өнімдердің орташа нарықтық бағасына сәйкес болуы тиіс.

7. Сатылған өнім үшін есеп айырысу сатылған күннен 10 күннен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс. Бюджетке аударуға жататын белгіленген мерзімде төленбеген сомаларды салық қызметі органдары Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген санкцияларды қолдана отырып қайтарып алады.

8. "Отандық алкоголь өнімін шығарушылар үшін акциз алымы маркаларын жапсыруға арналған аппараттар сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 тамыздағы N 1095 қаулысының 2-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК